

## **Құрметті Талғат Найманбайұлы!**

*«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Астана қаласы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілгін арттыру институтының әкімшілігі мен ұжымы Сізді ұйымның 25 жылдық мерей тойымен және Ұстаздардың кәсіби мерекесі «Мұғалімдер күнімен» құттықтайды!*

*Тәуелсіздіктің 25 жылдық белесімен қатар келген қуанышты сәтке №35 мектеп-лицей ұжымы Елбасы жүргізіп келе жатқан сындарлы саясаттың бірі жас ұрпаққа сапалы білім беруді нәтижелі жүзеге асырып келеді. Шын мәнінде де ғасырлар тоғысында тәуелсіздікке қол жеткізген халқымыздың қандай да бір жетістігі, тығырықтан шығар жол іздеп күрескен сәттерінде біздің жүгінеріміз де, сенеріміз де, ең бастысы баянды болашағымыз да – білім.*

*Осы жолда талмай еңбек етіп жүрген ұжымдағы қызметкерлерді мектеп өміріндегі мерейлі күнмен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, ұстаздық ету жолында шығармашылық табыстар мен мол жетістіктер тілейміз!*

**«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ АСТАНА  
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ПҚ БАИ ҰЖЫМЫ**

